

Қазақстан Республикасындағы теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің нысанды киімінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 қазандағы № 1013 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпқа және мәтінге өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1172 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Сауда мақсатында тенізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы және "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Зандарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1172 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Нысанды киім берілетін теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесі;

2) Теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің нысанды киімінің, айырым белгілерінің сипаттамасы мен ұлгілері;

3) Теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру ережесі;

4) Теңіз және ішкі су және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерін нысанды киіммен қамтамасыз ету нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулыны іске асыру Ақтау теңіз сауда порты Теңіз әкімшілігінің мемлекеттік бақылау қызметкерлерін 2011 жылдың аяғына дейін нысанды киіммен қамтамасыз етуге арналған шығыстарды қоспағанда, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте 001 "Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаржаттың есебінен жүргізіледі деп белгіленсін.

3. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 1 қазандығы

N 1013 қаулысымен

бекітілген

**Теніз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киім берілетін лауазымдар (мамандықтар) тізбесі**

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29 N 1172 (2006
жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.06.16 N 913 (қолданысқа
енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

N	Қазақстан Республикасы	Көлік	Лауазымы (мамандығы)
	және коммуникация	министрлігі	
	Көліктік бақылау	комитетінің	
	аумактық	органдары	

1	2	3
----------	----------	----------

1	Қазақстан Республикасы	Су көлігінде бақылау
	Көлік және коммуникациялар	басқармасының бастығы
	министрінің	Көліктік
	бақылау	комитеті
		Су көлігінде бақылау басқармасы
		бастығының орынбасары
		Су көлігінде бақылау басқармасы
		кеме қатынасы және теңізде жұзу
		қауіпсіздігі бөлімінің бастығы
		Су көлігінде бақылау басқармасы
		кеме қатынасы тіркелімі бөлімінің
	бастығы	
		Су көлігінде бақылау басқармасы
		кеме қатынасы және теңізде жұзу
	қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы	

Су көлігінде бақылау басқармасы
кеме қатынасы тіркелімі бөлімінің
бас маманы

Су көлігінде бақылау басқармасы
кеме қатынасы және теңізде жүзу
қауіпсіздігі бөлімінің жетекші

маманы

Су көлігінде бақылау басқармасы
кеме қатынасы тіркелімі бөлімінің
жетекші маманы

2 Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрлігі Көліктік

бақылау комитетінің Су көлігінде бақылау бөлімінің

Батыс Қазақстан, Шығыс бас маманы

Қазақстан, Солтүстік Қазақ-
стан, Оңтүстік Қазақстан, Су көлігінде бақылау бөлімінің
Маңғыстау, Қарағанды, Алматы, жетекші маманы

Павлодар, Ақмола, Ақтөбе,
Атырау, Жамбыл, Қызылорда,
Қостанай облыстары мен Астана
және Алматы қалалары бойынша

аймақтық басқармасы

3 Порттың теңіз әкімшілігі Теніз портының капитаны
Теңіз порты капитанының

орынбасары

Бөлім бастығы

Лоцмандық қызмет бастығы

Кеме қозғалысын басқару
қызметінің бастығы

Дипломдық паспорттық буруоның
бастығы

Бас маман

Ж е т е к ш і м а м а н

Қазақстан
Үкіметінің

Республикасы

2 0 0 3

ж ы л ф ы

1

қ а з а н д а ф ы

N 1 0 1 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің нысанды киімінің, айырым белгілерінің сипаттамасы мен үлгілері

Ескерту. Үлгіге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1172 (2006
жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Ерлердің нысанды киімі

1. Басқарушы құрам мен қызметкерлерге арналған күнделікті костюм
кительден, шалбардан, ақ немесе көкшіл жайдеден, галстуктен, бас киімнен
тұрауды (1 - қосымша).

К и т е л ь .

Жартылай жұн матадан жазғы және қысқы нұсқасы - жартылай қапсырылған
силуэтті, қос өнірлі, астарлы, үш нысанды түймеге және үш сәнді түймеге
түймеленген қара түсті. Жағасы мен лацканы қайырылған сол жақ лацканында
көзі ілмегімен, жеңі үш нысанды түймесі бар шлицамен қондырылған. Арқа
тұсының ортанғы тігісі төменгі жағында шлицамен бітеді, таяқшалары бүйірінің
жырығымен және белі бойынша алдыңғы қырнаумен, бүйірінде клапанды тілік
қалталары. Женінде белгіленген айырым белгілері.

Ш а л б а р .

Жартылай жұн матадан жазғы және қысқы нұсқасы - қара түсті. Астарлы тік,
түймелі ілгекпен, екі бүйірлі қалтамен, белі бір түймеге түймеленетін жеті белдік
ұстағышпен бекітілген. Шалбардың оң жақ жартысында бір түймеге және тілік
ілгекке ілінетін рамкалы артқы тілік қалта.

Ж е й д е .

Ұзын женді (қысқы нұсқа), қысқа женді (жазғы нұсқа) ақ немесе көкшіл түсті
ауыспалы матадан, тік нұсқадағы жеті нысанды түйме ілмегімен. Жаға тілік
тұрғыза басылған, белі буылған, бүйірлері кен резинкаға жинақталған, екі
түймеге түймеленетін манжетті ұзын жең. Арқасы мен бүйір бөліктері екі жақты
пішінді иініш. Бүйір бөліктері кеудеге тағатын жапсырма қалталармен және
оларда ілмекті екі түймемен пішінді клапандар. Жағаға, қалтаға, клапандарға,
манжеттерге 0,5 см қашықтықта әрленген тігім қойылған, иық тігістеріне
белгіленген айырым белгілерімен қондыру погондары бекітілген.

Г а л с т у к .

Галстукке арналған немесе жартылай жұнді қара түсті матадан (барлық құрам

Y III i H) .

Ф у п а ж к а .

Үш шеттікті қара жұнді материалдан: біреуі түбін төрттіктермен біріктіретін тігіске қондырылған, екіншісі төрттіктерді төнірегімен біріктіретін тігіске қондырылған, үшіншісі негізгі материалдан жасалған қондыру (жалған) шеттігі фуражканың қалқанына киілген репсті жібек лентаны ұсташа үшін қалқанның астынан өтеді. Фуражканың алдыңғы жағы көтеріңкі. Қалқаншаның ортасының үстіне қалқанға белгіленген нысанды кокард бекітіледі.

Қызметкерлерде фуражканың қалқаншасы - қалқанға екі кішкене нысанды түймемен бекітілген жалтылдаған қара тандамалы белдігі бар жалтылдаған қара. Басшы құрам былғары қалқаншалы фуражка киеді. Жалтылдаған қара тандамалы белдіктің орнына фуражка қалқанына екі кішкене нысанды түймелерімен трунцалдан алтын түсті бау бекітілген.

К ў л а к ш ы н .

Төбесі қара былғарыдан жасалған қара елтіріден. Құлақшының ортасына белгіленген нысандада кокарда орналастырылады.

2. Басшы қурам мен қызметкерлер үшін күнделікті куртеше (2-қосымша).

Кара түсті су жұқпайтын матадан, астарлы, лацканның бүгілуіне дейін "сыдырма" түймеленген. Жағасы мен лацканы қайырылған, белі алдынан бір нысанды түймеге түймеленген. Алдынан және арт жағынан бұйымның ұзындығынан 1/3 биіктігімен ініш орналастырылған, ініштің төменгі жағы шеттен 3 см тігіспен айқындалған қыры түсірілген жиекпен әдіптелген. Бұйымның бүйір бөліктерінде ініш деңгейінен төмен және бел сзығынан жоғары диагональмен "сыдырма" түймеленген тілік қалталар орналастырылған. Жені манжетпен, шынтақ тігісінде тілікпен, бір нысанды түймеге түймелеумен қондырылған. Иық тігісінде белдік ұстағыштар орналасқан, оларға бір нысанды түймеге түймеленетін қондырма погондар кигізіледі. Жағасы, лацканы, өнірі, қалтасы, иініші, белі, манжеттері бойынша шетінен 0,6 см қашықтықта әрленген тігіс жүргізіледі, белі мен манжеттері бойынша шетінен 0,2 см.

3. Басшы құрам мен қызметкерлерге алмалы-салмалы жылдытқышымен
плащ - пальто (3 - қосымша).

Қара түсті ауыспалы плащтық матадан, тік силуэттен, тоғалы алмалы белдікпен, қос өңірлі, төрт нысанды түймелер түймеленген. Жағасы қыық тік, қайырылған лацканмен бір түймеге түймеленеді. Лацканда көздік тілік ілмектер. Арқасында және бүйір бөліктерінде жапсырма иініштер иықтық тігістің жиегі бойынша бір нысанды түймеге түймеленетін қондырмалы погондар. Сол жақ бүйір бөлігінде жапырақшасы бар жеке иініш, жеңі екі тігісті, бір нысанды түймеге түймеленетін белдік ұстағыштар арқылы өткізілген паттар. Бүйір бөліктерінде бел сзызығынан төмен жапырақшалы қыық қалталар орналасқан.

Барлық рельефтік сзықтар мен детальдарда шетінен 0,2 және 0,7 см қашықтықта екі әрленген тігіс жүргізілген.

4. Басшы құрам үшін қыстық пальто (4-қосымша).

Қара түсті, жұн драптан, жартылай қапсырылған силуэттен, жағасы теріден және лацканы қара түсті елтіріден. Қос өңірлі, төрт нысанды және екі әшекейлі түймеге түймеленеді. Бүйір бөліктерінде қыық бүйірлі және белі бойынша алдыңғы бүкпелі. Бел сзығынан төмен клапаны бар тілік қалталар орналасқан. Иық тігісінің жиегіне бір нысанды түймемен түймеленетін қондырмалы погондар бекітілген. Жені екі тігісті қондырмалы, белгіленген айырма белгілері бекітілген. Арқасы рельефпен және шлицасы бар орта тігіспен, рельефтерге бел сзығы деңгейімен белдік қондырылған, ол арқа ортасында бір нысанды түймеге түймеленеді.

5. Қызметкерлер үшін дауылда киетін күртеше (5-қосымша).

Су жұқпайтын қара түсті, плащтық матадан, астарсыз, тік силуэтті, бір өңірлі, ағытылатын күләпарасы бар, пластронмен жабылатын "сыдырма" түймеленген, төрт нысанды түймеге түймеленеді. Арқасы мен бүйір бөліктерінде нысанды жапсырма иініштер. Иық тігісінің жиегіне бір нысанды түймеге түймеленетін қондырмалы погондар бекітілген. Сол және оң бүйір бөліктерінде "кенгуру" пішінді жапсырма қалталар, оларда қосымша жапсырма қалталар. Бел сзығында белдік-ықтырма, ықтырмадан төменірек көлденең қыық, шетінен 3 см-ге тігіспен көрсетілген. Бүрме астында қолды жанынан салатын жапсырма қалта. Жені шынтақ асты мықты қондырмалы екі тігісті, манжетті бір нысанды түймеге түймеленеді. Барлық рельефтік сзықтар мен детальдарға шетінен 0,2 - 0,7 см әдіптелген тігім жүргізілген.

2. Әйелдердің нысанды киімі

6. Басшы құрам мен қызметкерлерге арналған күнделікті костюм кителден, юбкадан, шалбардан, әйел жейдесінен, галстуктен, бас киімнен тұрады (6-қосымша).

К и т е л ь .

Қара түсті жартылай жұнді матадан. Астарлы, жартылай қапсырылған силуэт, бір өңірлі, лацканың бүгілуіне дейін үш нысанды түймеге түймеленген, жағасы мен лацканы қайырылған, жені қондырмалы екі тігісті, шынтақ тігісінде шлицасы және үш нысанды түймелері бар. Арқасының ортаңғы тігісі шлицамен аяқталады, бүйір бөліктерінде жырығы және белі бойынша алдыңғы тік бүкпесі бар, клапанды тілік қалталары. Жені қондырмалы екі тігісті шлицаларында үш түймесі бар. Женінің төменгі жағына айырым белгілері белгіленген. Иық тігісінің қалқаны бойынша, белгіленген айырым белгілері бар, бір түймеге

тұймаленетін

погондар

қондырылған.

Ю б к а .

Жартылай жүн матадан, жазғы және қысқы нұсқасы - қара түсті. Тік силуэт, астарлы, белі бір түймелеге түймаленетін екі белдік ұстағыштармен. Юбканың артқы бөлігінде шлицамен бітетін тігіс бар. Сол бүйірінде "сыдырма" түймелеу.

Ш а л б а р .

Жартылай жүн матадан, жазғы және қысқы нұсқасы - қара түсті. Астарлы тік, түймелі ілгекпен, екі бүйірлі қалтамен, белі бір түймелеге түймаленетін жеті белдік ұстағышпен бекітілген. Шалбардың оң жақ жартысында бір түймелеге және тілік ілмекке ілінетін рамкалы артқы тілік қалта.

Ә й е л ж е й д е с і .

Ауыспалы матадан, ұзын және қысқа женді - ақ, көкшіл немесе ақшыл қоныр түсті. Тік силуэтті, манжеттермен түймаленетін қондырмалы екі тігісті жеңмен. Ұзын жендер бір нысанды түймелеге түймаленеді. Жеңнің жиегінде қондырмалы погондар. Жағасы қайырылған, ұшы үшкірлеу келген, түймелеу шетінен ені 3 см келістірілген, жеті нысанды түймелеге түймаленетін планкамен ресімделген. Планканың жанынан ені 2,5 см әр жағынан біреуден бүрме жасалған. Алдыңғы жағында иініш орналасқан, оған пішінді клапандар қондырылған, ол жапсырма қалтаны жабатын бір түймелеге түймаленеді. Арқасында иініш орналасқан, оның ортасынан төмен қырлы планка тігілген. Бір түймелеге түймаленетін, белдік ұстағыштарға жанасатын, иықтық тігістің жиегі бойынша қондырмалы погондар бекітілген. Барлық рельеф пен детальдар бойынша әрленген тігім жасалған.

Галстук (басшы құрам мен қызметкер әйелдер үшін).

Галстукке арналған немесе жартылай жүнді қара түсті матадан.

Берет (басшы құрам мен қызметкер әйелдер үшін).

Жазғы берет қара түсті мақта-мата материясынан. Қысқы берет қара түсті жүнді матадан .

Берет ені 1-1,5 см қалқанмен бірігетін, диаметрі 24-26 см, ені 7 см сай құрайтын түбі бүйірлері тігілген екі жартыдан құралатын, шеттіксіз. Береттің ішкі жағында астар, ал қалқан жағынан дермантиннен - тігілген маңдайша. Береттің сыртында түбінің ортасында ұзындығы 1,5 см бау бекітілген.

Қызметкерлердің беретінде екі кішкене нысанды түймelerмен қалқанға бекітілген таңдамалы белдік. Көлденеңінен белдікті қалқан пен маңдайшаның ішкі жағының арасынан тігілген қара түсті екі металл ілмек ұстап тұрады.

Басшы құрам әйелдерінің беретінде белдіктің орнына алтын түсті трунцалдан бау тігілген .

Береттің ортасына белгіленген нысандағы кокарда бекітіледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1172 (2006 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Плащ (басшы құрам мен қызметкерлер үшін) (7-қосымша).

Қара түсті су жұқпайтын матадан. Астарлы, алмалы-салмалы қапсырмалы белдікпен тік силуэт. Қос өнірлі бес нысанды түймеде бітеу түймелеумен. Жағасы тігінен қайырылған. Арқасы ортаңғы тігіспен, терең шлицамен аяқталатын қырлы иінішпен. Иық тігісінің бүйір бөліктерінде рельефтер. Рельефтерден солға және онға қарай қырлы иініш, бел сызығынан төмен жапырақшасы бар тілік қалталар. Жені қондырмалы, бір тігісті, бір нысанды түймеге түймеленетін белдік ұстағыш арқылы жіберілген патпен. Женінің қалқан тігісіне бір нысанды түймеге түймеленетін белдік ұстағыш арқылы жіберілген негізгі матадан тігілген қондырмалы погондар бекітілген. Барлық рельефті сызықтар мен детальдар бойынша, бұйымның төменгі жағына шетінен ені 0,5 см әдіптелген

тігім

жүргізілген.

8. Басшы құрамға арналған қыскы пальто (8-қосымша).

Қара түсті драптан, теріден, қара түсті елтірімен әдіптелген жаға. Бір өнірлі, жасырын түймелеумен. Арқасында иық тігісінен рельефтер, ортаңғы тігіс терең шлицамен аяқталады. Рельефтің иық тігісінен бүйір бөліктерінде, бел сызығы бойына рельеферге арқаға ауысатын, бір нысанды түймеге түймеленетін белдікше қондырылған. Бел сызығынан төмен клапанды жапсырма қалталар. Жендері бір нысанды түймеге түймеленген қондырмалы бір тігісті патпен. Иық тігісінің қалқаны бойынша, бір нысанды түймеге түймеленетін негізгі матадан погондар қондырылған. Барлық рельефті сызықтар мен детальдар бойынша шетінен ені 0,3-0,7 см әдіптелген тігім жүргізілген.

9. Басшы құрам мен қызметкер әйелдер үшін қыскы күртеше (9-қосымша).

Қара түсті плаштық матадан, тері жағалы және лацканы қара түсті елтіріден. Қос өнірлі, төрт нысанды түймеге түймеленеді. Арқасында ортаңғы тігіспен қыық екі қабатты иініш. Иініштегі бүйір бөліктері әдіптелген, шетінен 3 см тігіммен бекітілген. Бел сызығы бойынша, арқаға қарай ауысатын және ортаңғы тігіс деңгейінде бір нысанды түймеге түймеленетін белдік қондырылған. Бел сызығынан төмен клапанды тілік қалталар, жені қондырмалы, женінің төменгі жағында бір нысанды түймеге түймеленетін екі тігісті жайғаң белдікше. Иық тігіс жиегінде, бір нысанды түймеге түймеленетін белгіленген айырым белгілерімен негізгі матадан тігілген погондар қондырылған. Барлық рельефтік сызықтар мен детальдар бойынша шетінен 0,3-0,7 см әдіптелген тігім жүргізілген

3. Айырым белгілері

10. Басшы құрам және қызметкерлер үшін айырым белгілері алтын түстес оқадан жасалған жеңдік және иықтық айырым белгілері (жапсырмалар) болып

т а б ы л а д ы

(1 0 - қ о с ы м ш а) .

11. Костюм материалымен түстес аспапты шұғадан жасалған қалыптарға жеке тігілген жендік жапсырмалар нысанды киімде женінің сыртқы жағына, төменгі жиегіне қатарлас орналасады. Женінің төменгі жиегінен төменгі оқаға дейінгі қашықтық 80 мм құрайды.

Жендік жапсырмалар - алтын түстес оқалар (кең, орташа, жіңішке). Оқа мөлшері: кеңінің ені - 30 мм, орташасы - 13 мм, жіңішкесі - 6 мм, ұзындығы - 150 мм, оқалар аралағындағы сандуа - 3 мм.

Жіңішке оқалар ортаңғының үстіне ортаңғылары кеңінің үстіне орналасады.

Жоғарғы оқаның ортаңғы бөлігінде жоғарғы жиек үстінен, сыртқы қабырғалары 16 мм және оқа ені 6 мм ромб тігілген.

12. Иықтық жапсырмалар нысанды киімнің иықтық тігісінде орналасады және қара аспаптық шұғадан жасалған, қара шеттігі бар бөзбен қосарланған (периметрі бойынша жалпы ені 45 мм және ұзындығы 120 мм).

Төменгі қалып шетінен 10 мм қашықтықта тиісті лауазымдарға белгіленген аралығы 3 мм саңыраумен алтын түстес оқадан жапсырмалар тігілген. Оқаның ені: кеңі - 30 мм, ортаңғысы - 13 мм, жіңішкесі - 6 мм.

Жоғарғы оқаның ортаңғы бөлігінде жоғарғы жиек үстінен қабырғалары - 16 мм және оқа ені - 4 мм ромб тігілген. Ромбың көлденен диагоналы 14 мм тең.

13. Теніз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің лауазымдары (кәсіптері) үшін мынадай айырым белгілері анықталған:

1) б а с ш ы қ ұ р а м :

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті Су көлігіндегі бақылау басқармасының бастығы - 2 к е н ц о қ а ;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің Су көлігіндегі бақылау басқармасы бастығының орынбасары - 1 кең және 2 орташа оқа;

теңіз портының капитаны - 1 кең және 2 орташа оқа;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің Су көлігіндегі бақылау басқармасы кеме қатынасы тіркелімі бөлімінің бастығы - 1 кең және 1 орташа оқа;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің Су көлігіндегі бақылау басқармасы кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі бөлімінің бастығы - 1 кең және 1 орташа оқа;

теңіз порты капитанының орынбасары - 1 кең және 1 орташа оқа;

2) қ ы з м е т к е р л е р :

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің Су көлігіндегі бақылау басқармасы Кеме қатынасы

тіркелімі бөлімінің бас маманы - 1 кең оқа;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің Су көлігіндегі бақылау басқармасы Кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы - 1 кең оқа;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті аумақтық органы су көлігіндегі бақылау бөлімінің бастығы - 1 кең оқа;

порт теңіз әкімшілігі бөлімінің бастығы - 1 кең оқа;

порт теңіз әкімшілігі лоцман қызметінің бастығы - 1 кең оқа;

порт теңіз әкімшілігі кемелер қозғалысын басқару қызметінің бастығы - 1 кең оқа;

порт теңіз әкімшілігі дипломдық-паспорттық қызметінің бастығы - 1 кең оқа;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің Су көлігіндегі бақылау басқармасы кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі бөлімінің жетекші маманы - 3 орташа оқа;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің Су көлігіндегі бақылау басқармасы Кеме қатынасы тіркелімі бөлімінің жетекші маманы - 3 орташа оқа;

порт теңіз әкімшілігінің бас маманы - 2 орташа оқа;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органы су көлігіндегі бақылау бөлімінің бас маманы - 2 орташа оқа;

порт теңіз әкімшілігінің жетекші маманы - 1 орташа оқа;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органы су көлігіндегі бақылау бөлімінің жетекші маманы - 1 орташа оқа.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29 N 1172 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.06.16 N 913 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

4. Кеудеге тағылатын белгі (жетон)

14. Теңіз порттарында бақылауды жүзеге асыратын басшы құрам мен қызметкерлер үшін нысанды киіммен бірге тағылатын кеудеге тағатын жетон (11 - қосымша) көздөлген.

Кеудеге тағатын жетон ашық көк түсті фонды, диаметрі 80 мм шеңбер нысанында, жиегі бойынша ені 5 мм көк көмкерме бар, металл қоспасынан дайындалады.

Белгінің жоғарғы бөлігінде 30 мм диаметрмен Қазақстан Республикасының

елтаңбасы орналасқан. Елтаңбадан төмен төменгі жиегімен 2 мм қашықтықта алтын түсті жазу орналасқан

ПОРТЫН

ТЕҢІЗ ӘКІМШІЛІГІ

биіктігі 3 мм

биіктігі 5 мм

Белгінің төменгі жағында 10 x 25 мм ақ тіктөртбұрыш орналасқан, ішінде "T" жазуымен осы белгінің келесі үш таңбалы реттік нөмірі орналасқан

T 001

Осы тіктөртбұрыштың екі жағынан жоғарыға қарай, белгі жиегінің бойымен, көк түсті жапырағы бар бұтақтар тараиды. Бұтақтардың жоғарғы бөліктері ПОРТЫН ТЕҢІЗ ӘКІМШІЛІГІ жазуының төменгі шекарасына дейін келеді.

Жоғарғы жазу мен төменгі тіктөртбұрыштың арасында су көлігін көрсететін түрлі-түсті стильденген бейне симметриялы орналасқан. Бейне сары, көк, ақ және қара түстерді пайдаланып орындалған.

5. Кокарда, нысанды түймелер

15. Кокарда фонды қара түсті сопақша келген, жиегі бойынша ені 5 мм көк көмкерме және онда алтын түстес зәкір бар. Сопақша емен жапырақтардан жасалған бұтақтармен жиектелген, онда алтындалған бүркіт бейнеленген. Кокарданың мөлшері 5 см x 4 см (11-қосымша).

16. Нысанды түймелер жиегінде шеңбері бар дөңес нысанды дөңгелекті білдіреді, ортасында зәкірдің бейнесі орналасқан. Түймелердің диаметрі: үлкендері - 22 мм және кішкентайлары - 14 мм (11-қосымша).

Теніз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
1-қосымша

Ескерту. Қосымшаларға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1172 (2006 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Басшы құрам мен қызметкерлерге арналған құнделікті костюм

Суретін қағаз мәтінінен қараңыз

Басшы құрам мен қызметкерлерге арналған құнделікті костюмге китель

Суретін қағаз мәтінінен қараңыз

Кұнделікті костюмге арналған шалбар, жейде, галстук, фуражка және құлақшын

Суретін қағаз мәтінінен қараңыз

Теніз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің

нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
2-қосымша

Басшы құрам мен қызметкерлерге арналған құнделікті күртеше

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

Теңіз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
3-қосымша

**Басшы құрам мен қызметкерлерге арналған алмалы-салмалы жылдықтышымен
плащ-пальто**

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

Теңіз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
4-қосымша

Басшы құрамға арналған қыскы пальто

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

Теңіз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
5-қосымша

Қызметкерлерге арналған дауылда киетін күртеше

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

Теңіз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаға өзгерту енгізілді - КР Үкіметінің 2005.11.29. N 1172 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Басшы құрам мен қызметкерлерге арналған әйелдердің құнделікті костюмі
Кителъ**

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

Юбка, шалбар, әйел жейдесі, галстук және берет

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

РҚАО-ның ескертуі: 6-қосымшаға үлгіні қағаз мәтіннен қараңыз.

Теңіз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
7-қосымша

Басшы құрам мен қызметкерлерге арналған әйелдердің плашы

Суретті қағаз мәтіннен қараңыз

Теңіз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
8-қосымша

Басшы құрамға арналған әйелдердің қыскы пальтосы

Суретті қағаз мәтіннен қараңыз

Теңіз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
9-қосымша

Басшы құрам мен қызметкерлерге арналған әйелдердің қыскы күртешесі

Суретті қағаз мәтіннен қараңыз

Теңіз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
10-қосымша

Айрым белгілері

Суретті қағаз мәтіннен қараңыз

Теңіз және ішкі су көлігіндегі
мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің, айрым
белгілерінің сипаттамасы мен үлгілеріне
11-қосымша

Кеудеге тағатын белгі, кокарда және нысанды түймелер

Суретті қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан
Y k i m e t i n i n
2003 жылғы

Республикасы

Теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру ережесі

Ескерту. Тақырыпқа және мәтінге өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1172 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы және "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Зандары негізінде өзірленді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1172 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Ереже теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру тәртібін айқындайды.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:
кеудеге тағатын белгі (жетон) - теңіз порттарында бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерге жеке қол қойып берілетін сериялы және реттік нөмірі бар белгіленген үлгідегі эмблема;

теңіз және ішкі су көлігіндегі уәкілетті мемлекеттік бақылау органдының аумақтық бөлімшелері - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары, порттың теңіз әкімшілігі;

теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылаудың уәкілетті органы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті;

нысанды киім - белгіленген үлгі мен түстегі теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің қызметтік бірыншай формасы.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29 N 1172 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.06.16 N 913 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

2. Нысанды киім киіп жүру

4. Теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесіне сәйкес нысанды киім берілетін теңіз

және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүрге құқығы бар.

5. Киім нысанының барлық заттары белгіленген үлгілер мен сипаттамаларға жауап беруі тиіс.

6. Нысанды киім күнделікті киуге белгіленеді, ол ерлерге және әйелдерге арналған болып бөлінеді. Жыл мезгіліне байланысты осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысанды киім киіп жүрудің түрлі жиынтығы белгіленген.

Күнделікті нысанды киім қызметтік міндеттерін орындау кезінде киіледі.

7. Қысқыдан жазғы және жазғыдан қысқы нысанды киім жиынтығына ауысу теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылаудың уәкілетті орган басшысының бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

8 . М ы на л а р ғ а :

белгіленбegen үлгідегі нысанды киім заттарын, айырым белгілерін тағуға; осы Ережеде көзделмеген кеудеге тағатын белгілерді нысанды киімге тағуға; жазғы және қысқы нысанды киімдердің заттарын, сондай-ақ нысанды киімді азamatтық киіммен ауыстыруға;

нысанды киімді, айырым белгілері мен кеудеге тағатын белгілерді оларға беруге жатпайтын адамдарға беруге;

жендік және иықтық белгілерді бір уақытта тағуға тыйым салынады.

9. Нысанды киімнің барлық заттары тазаланған және үтіктелген болуға тиіс. Пальто, пиджак, сыртқы жейде қалталарының клапандары сыртқа шығарылуға тиіс.

10. Аяқ киім жақсы жағдайда болуға, үнемі тазаланып, бәтенке мен қысқа бәтенке ұқыпты байлануға тиіс. Аяқ киім мен шұлықтың түсі нысанды киім түсіне сәйкес келуге тиіс. Аяқ киім мен шұлық сауда желілерінен сатып алғынады.

11. Берет қастан үш саусақ жоғары қашықтықта он жағына қарай түсіріле киіледі.

12. Құлақшының екі жағын түсіруге ауаның температурасы минус 10 С ° және одан төмен болған кезде рүқсат етіледі.

13. Жазғы уақытта ақ қабы бар нысанды фуражка кию керек.

14. Қамтамасыз ету нормаларында көрсетілген нысанды киімді киіп жүру мерзімі нысанды киімді пайдалануға берген қунге қарамастан мерзім сайын есептеледі (теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылаудың уәкілетті органы басшысының қысқыдан жазғы жиынтыққа не керісінше көшу туралы бұйрығы есеп құні болып саналады).

15. Қызметкер жұмыстан босаған немесе нысанды киім киіп жүру көзделмеген жұмысқа ауысқан кезде, қызметкер жұмыстан босаған кезінде киіп

жүру мерзімі өтпеген нысанды киімді қоймаға тапсыруға немесе теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылаудың уәкілетті органы басшысының бұйрығы бойынша қалған бағасы бойынша айырмасын өтеуге міндетті.

16. Құрметті атақ белгілері қеуденің оң жағына тағылады. Жоғарғы немесе орта оқу орнын бітіргендігі туралы белгілер қеуденің оң жағына тағылады.

17. Қеудеге тағатын жетон құртешенің (кительдің, жейденің) алдыңғы сол жағында қалтаға орналасады.

18. Теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлеріне берілетін нысанды киім мен қеудеге тағатын белгі теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылаудың уәкілетті органының меншігі болып саналады және жұмыстан босатылған кезде қайтарылуға тиіс.

19. Нысанды киімнің сақталуы мен оның сыртқы түріне теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері жауапты болады.

20. Қызметкердің кінәсінен қызметтік бірыңғай нысанды киім жоғалған немесе бүлінген жағдайда, қызметкер өз есебінен нысанды киімнің жиынтығын немесе жекелеген заттарын сатып алады және оны алынған нысанды киімді киіп жүру мерзімі откенге дейін пайдаланады.

Нысанды киім қызметтік міндеттерін орындау кезінде жоғалған немесе бүлінген жағдайда, қызметкер оның орнына жаңа нысанды киім алады, ал бүлінгені немесе жоғалғаны белгіленген тәртіппен есептен шығарылуға жатады.

21. Қызметкердің кінәсінен қеудеге тағатын белгі жоғалған немесе бүлінген жағдайда, қызметкер оны өз есебінен сатып алады, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарына өз қаражаты есебінен қеудеге тағатын белгіні жарамсыз деп тану туралы хабарландыру береді.

Кеудеге тағатын белгі қызметтік міндеттерін орындау кезінде жоғалған немесе бүлінген жағдайда, қызметкер орнына жаңа қеудеге тағатын белгі алады, ал бүлінгені немесе жоғалғаны белгіленген тәртіппен есептен шығарылуға жатады.

Теңіз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру ережесіне қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1172 (2006 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жыл мезгіліне байланысты нысанды киім киіп жүру жиынтығы (ерлер)

N P/	Киім түрі		Нысанды киім тізбесі

|Қысқы |Дауылда|Плащ-|Күнде.|Күнде. |Күнде.|Күнде.|Кара
| | |пальто|киетін |паль.|лікті |лікті |лікті |лікті |фураж.
| | |куртеше| то |костюм|куртеше|шалбар|жейде | ка

1 . Б а с ш ы к ў р а м

1		Ж а з ф ы к ү н д е .
	лікті	- - + + + + + +
2		К ы с к ы к ү н д е .
	л і к т і	+ + - + + + + + +

2 . М а м а н д а р

(э й е л д е р)

Нысанды киім тізбесі
N | Киім |
Р/| тип. |

— с | лері | Қысқы| Қысқы| Плащ| Күнде.| Күнде.| күнде- | Күнде. | Әйел| Мақта| Жүнді
 | | паль.| күр. | | лікті | лікті | лікті | лікті | жей.| мата.| мата.
 | | то | теше | | костюм| юбка | шалбар | көгілдір| десі| дан | дан
 | | | | | | | немесе | | берет| берет
						ашық		
						қоңыр		
						әйел		

| ж е й д е с i | | | |

— — — — — | 1 . Б а с ш ы қ ұ р а м

1	Ж а з ғ ы к ү н д е .
лікті	- - + + + + - + -
2	К ы с қ ы к ү н д е .
лікті	+ + - + + + + + - - +

— — — — — | 2 . М а м а н д а р

3	Ж а з ғ ы к ү н д е .
лікті	- - - + + + + - + -
4	К ы с қ ы к ү н д е .
лікті	- + - + + + + + - - +

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н ің

2003 жылғы 1 қазандары

N 1013 қаулысымен

бекітілген

Теніз және ішкі су көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерін нысанды киіммен қамтамасыз ету нормалары

Ескерту. Нормаларға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.29. N 1172 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

— — — — — | P/c| Заттардың атауы

| Өлшем | 1 адамға | 1 затты

N | | бірліктері| заттар | киіп жүру
 | | саны | мерзімі
 | | | (ж ы л)

Ерлердің нысанды киімі

1	Басшы құрам мен мамандар үшін күнделікті костюм: қара түсті жартылай жүнді матадан китель; қара түсті жартылай жүнді матадан шалбар; қара түсті галстук; қара түсті кокардасы бар күнделікті фуражка; ұзын жеңді ак немесе көгілдір түсті жейде; қысқа жеңді ак немесе көгілдір түсті жейде	1 3 1 3 1 3 1 3 1 3 1 3 2 1
2	Басшы құрам мен мамандар үшін күнделікті күртеше қара түсті су жүқпайтын матадан	1 3
3	Басшы құрам мен мамандар үшін плащ-палто қара түсті ауыспалы плащтық матадан	1 4
4	Басшы құрам үшін қысқы палто қара түсті тері жағасымен және лацканы қара түсті елтіріден	драптан, 1 3
5	Құлақшын қара түсті елтіріден	дана 1 4

Әйелдердің нысанды киімі

6	Басшы құрам мен мамандар үшін күнделікті костюм:	дана
---	---	------

	Жартылай	жұнді	қара	түсті	
	матадан китель;			1	3
	жартылай	жұнді	қара	түсті	
	матадан юбка;			1	2
	қара	түсті	жартылай	жұн	матадан
	тігілген шалбар;			1	2
	ұзын	женде	ақ,	көгілдір	немесе
	ақшыл	коңыр	түсті	ауыспалы	
	матадан әйел жейдесі;			2	1
	қысқа	женде	ақ,	көгілдір	
	немесе	ақшыл	коңыр	түсті	
	ауыспалы	матадан әйел жейдесі;		2	1
	қара түсті галстук;			1	3
	қара	түсті	мақта-мата	матадан	
	берет;			1	3
	қара түсті жұнді	матадан берет	1	3	
7	Басшы құрам үшін қара түсті		дана	1	4
	плащ				
8	Басшы құрам үшін қысқы		дана	1	3
	пальто	қара	түсті	драптан,	қара
	түсті	елтіріден		қайырылған	
	жағасы бар				
9	Басшы құрам мен мамандар		дана	1	3
	үшін	қысқы	құртеше	қара	түсті
	плащтық	матадан	қара	түсті	
	елтіріден	тері	жағалы	және	
	лацканда	ры		бар	
